

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқұғындағы "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы жиналыс  
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қ. Асар ш.м.а., 757  
А корпусы, әкімшілік, 1 қабат, ашық алаң

10.06.2024ж.

**Тақырыбы:** Қолданыстағы құқықтық актілерге сәйкес, қызметкерлердің құқықтары туралы мәселелер.

**Қатысқандар:**

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқұғындағы "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының әкімшілігі және КДЗ қызметкерлері.

**Жиналыс төрағасы:** Бас дәрігер орынбасары Даумбаева К.Б.  
**Хатшы:** Акбергенова Э.

**ТЫНДАЛДЫ:**

1. **Бас дәрігер орынбасары Даумбаева К.Б.** - Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқұғындағы "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорында, еңбек мәдениеті туралы, яғни технологиялық тәртіпті, жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыруды, еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік эстетика жағдайларын сақтауды, жабдыққа, материалдарға, энергияға ұқыпты қарауды, еңбектің экономикалық тиімділігін анықтау және талдау қабілетін қамтитын мәселелері жөніндегі сұрақтарды қамтып таныстырды.

2. **Кәсіпорын заңгер Ж.Кенжебаева** - еңбекке тікелей байланысты қатынастар-еңбекті ұйымдастыру және басқару, жұмысқа орналасу, кәсіптік даярлау, қайта даярлау және арттыру, сондай-ақ қызметкерлердің кәсіптік біліктілігін тану, әлеуметтік әріптестік, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасу, жұмыскерлердің (жұмыскерлер өкілдерінің) еңбек жағдайларын белгілеуге қатысуы жөнінде қатынастар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары болып табылатыны туралы және әркімнің еңбекті еркін таңдауға, кәсібі мен қызмет түрін таңдау мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша баяндама жасады.

Қызметкердің міндеттеріне жұмыс берушімен түсініксіз сәттер мен байқалған кемшіліктерді талқылау кіреді. Қызметкер кәсіподақ өкілінен өзі сөйлескенге дейін жұмыс берушімен байланысуды сұраса, жұмыс берушінің ыңғайсыз жағдайға қалдыруы мүмкін екенін есте ұстауы керек. Қызметкер

өзінің жұмыста жоқтығы туралы жұмыс беруші анықтаған тәсілмен әрдайым дереу хабарлауы керек. Сондай-ақ, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқуғындағы "Қалалық балалар клиникалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны үздіксіз шұғыл түрде медициналық қызмет көрсету кәсіпорыны болғандықтан, ол ауырып қалғанын немесе жұмыс беруші анықтаған тәсілмен жұмыста болмаудың басқа себебі туралы хабарлауды ұмытпауға міндетті екені туралы атап өтті. Егер қызметкер жұмыста жоқтығы туралы қалай хабарлау керектігін білмесе, ол бұл мәселені анықтауы керек. Қызметкер хабарлау мерзімдерін ұстануы керек екені туралы міндеттері туралы сұрақтарға жауап берді.

**Жиналыс төрағасы**  
Бас дәрігер орынбасары

**Хатшы**



Даумбаева К.Б.

Акбергенова Э.



